

**Жаңақорған аудандық көпбейінді орталық ауруханасының
медициналық қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі
талдау нәтижелеріне жария талқылау жүргізілді.**

Жаңақорған аудандық көпбейінді орталық ауруханасының медициналық қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілген болатын. 2024 жылдың 2-29 ақпан аралығында 2023 жылға жүргізілген талдамалық жұмыстарды жария талқылау мақсатында тиісті сала және мекеме өкілдерінің қатысуымен отырыс өткізілді. Жиналысқа Бас дәрігер, бас дәрігердің орынбасары, медицина қызметкерлері, «Amanat» партиясы өкілдері қатысып, жемқорлық тәуекелдері бойынша өз пікірлерін білдірді. Жиналыс барысында, ішкі талдау қорытындысымен анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және алдағы уақытта болдырмау бойынша шаралар қабылдауды тапсырылды.



Жаңақорған аудандық көп бейінді орталық ауруханасы ұжымы
қызметкерлерімен өткізілген жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

29.02.2024 ж

№6

Жаңақорған кенті.

КАТЫСҚАНДАР: Емдеу және алдып алу ұйымдарының басшылары, бөлім меңгерушілері, аурухана заңгері, «Аманат» партиясының төрағасы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру, талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ: Бас дәрігер Т.Амитов ішкі талдау барысы және нәтижелері туралы есепті назарға алуды сұрады. 2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарападағы №410-V Заңының 8 бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларып бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығына сәйкес «Жаңақорған аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанып, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2023 жылдық бекітілгенін хабарлады. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды: 1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау; 2. Мемлекеттік қызметтер көрсету; 3. Бюджет және қаржы қаржыатып итеру және бөлу; 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; болып табылады. Талдау барысында анықталған кемшіліктер мен ұсыныстармен Аманат партиясының төрағасы талдамалық ашықтамамен тапсырып шығарып, ішінде орын алған тәуекелдерді жою және жемқорлыққа жол берілмеу үшін мекеме басшысы ашық әрі жария жұмыс жасау қажет екендігін ескертті, сонымен қатар жұмыс тобының атқарып жатқан жұмысын құптарлық деп тапты. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жасалған талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қарауға ұсынылады, тиісті ҰСЫНЫМДАР жасалады; мысалы құқықтық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу және қабылдау, оларға сыбайлас жемқорлық факторларып жоюға бағытталған өзгерістер енгізіледі, лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері нақтыланады, объектінің қызметіне бақылау жасалады.

Жиналыс төрағасы:



Т.Амитов

Хатшы:



Ж.Ашимов